

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 желтоқсан N 1265. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.03. N 552 қаулысымен.

Мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы осыған қосылған ереже мен осы Комиссияның адам құрамы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Комиссия мемлекеттік басқару органдарының, жергілікті әкімдердің жол қозғалысы қауіпсіздігіне, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға байланысты мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіретін үкіметтік салааралық кеңесші орган болып табылады деп белгіленсін.

3. Комиссияның ұйымдық-техникалық қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы аппаратының штат саны шегінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі сектор құрып, оған Комиссияның жұмыс органының функциясы жүктелсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне өздерінің жанынан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті комиссиялар мен жұмыс органдарын құру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселелері бойынша кешенді ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыс жүргізу жүктелсін.

6. "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әлемдік стандарттарын енгізу мақсатында жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын және инженерлік ғимараттарды жаңғырту мен дамытудың кешенді шараларын әзірлеп жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік автомобиль инспекция органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтып, оның бөлімшелерін осы заманғы талаптарға сай келетін көлік құралдарымен бақылау және диагностика приборларымен, компьютерлік техникамен жасақтау жөніндегі қажетті шараларды қолдансын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі осы қаулының 5-7 тармақтарында көзделген жұмыстарды жүргізу үшін 1994 жылдан бастап қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

9. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жол қозғалысы қауіпсіздігінің нормаларын қамтамасыз ету мақсатында қалалар мен поселкелердің көше желісін жаңғырту мен дамыту, оларды жол қозғалысын реттейтін қажетті техникалық құралдармен жабдықтау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асырсын.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 2 қосымшадағы шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1265 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі комиссия туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия (бұдан былай Комиссия) кеңесші үкіметтік және салааралық орган болып табылады, оның басты мақсаты мен міндеті - министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшілік басшыларының, меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің және қоғамдық ұйымдардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруға, осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды тиімді пайдалануға байланысты мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру.

2. Басты мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Комиссия өз қызметін мынадай бағыттар:

автокөлік пен қалалық электр көлігінде авариялылықтың себептерін зерделеу мен талдау және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі

ұсыныстарды талдап жасау;

жол-көлік ахуалын оңалтуға әрі авариялылықты азайтуға бағытталған ірі-ірі мемлекеттік және аймақтық бағдарламалардың жобалары мен шаралардың басым бағыттарын анықтау және оларды әзірлеп жүзеге асыруға жәрдемдесу;

ғылыми-техникалық әлеует пен материалдық-техникалық ресурстарды дамытып, оларды жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басым бағыттарына: қалалар мен елді мекендердің автомобиль жолдары мен көше желісін салу және қайта құру, жылжымалы құрамның техникалық сипаттарын жақсарту, жол қозғалысын басқарудың осы заманғы техникалық құралдарын енгізу, Мемлекеттік автомобиль инспекциясы қызметтерін жетілдіру, көлік құралдарын жүргізушілердің кәсіптік деңгейін көтеру, халықтың барлық жастағы топтарына жол қозғалысы ережелерін үйрету бағдарламаларына шоғырландыруға жәрдемдесу;

жол қозғалысы ережесіне, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен нормативтік актілеріне жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктер басшыларының, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғамдық ұйымдардың жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауыртпалығын бәсеңдету мәселелері жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерттеу, осы жұмыстың оң тәжірибесін тарату;

министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшілік басшыларының, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық ұйымдардың жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі ұсыныстарын талдау және сол мәселелер бойынша ұсыныстарды талдап жасау;

жергілікті, ведомстволық жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметтері мен қоғамдық ұйымдардың жұмысына жәрдемдесіп, көмек көрсету;

халықтың барлық жастағы топтарына жол қозғалысы ережелерін үйретуді ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі білімді насихаттау;

жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы шетелдік озық тәжірибені зерттеу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қолдаудың халықаралық ұйымдық тетіктерін енгізуге ұсыныстар әзірлеу бойынша жүзеге асырады.

3. Комиссияның:

министрліктерден, ведомстволардан, басқа да мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті әкімшілік басшыларынан жол қозғалысы қауіпсіздігінің мәселелері жөніндегі қызметін бейнелейтін мәліметтерді сұратып алуға;

министрліктерде, ведомстволарда, жергілікті әкімшіліктердің аппаратында,

шаруашылық басқару органдарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша тексеру өткізуді ұйымдастыруға;

өз мәжілістерінде атқару өкімет пен мемлекеттік басқару органдары басшыларының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі хабарламалары мен есебін тыңдауға;

министрліктерге, ведомстволарға және басқа да ұйымдарға жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселесі бойынша материалдар дайындауды тапсыруға;

тиісті министрліктер, ведомстволар мен ғылыми-зерттеу мекемелері басшыларының келісуі бойынша білікті мамандарды жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша материалдар дайындау, сондай-ақ министрліктер, ведомстволар мен басқа да ұйымдардың Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің осы мәселелер жөніндегі қаулыларымен таныстыру үшін тартуға;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселесі бойынша заң және үкімет актілерін, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық туралы шарттарды талдап жасауға ұсыныстар енгізуге және қатысуға;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен бірлесе отырып жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ жол көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыру мәселелері бойынша хаттама түрінде шығарылатын және республиканың, аумақтық, салалық басқару органдарының бәріне орындауға міндетті шешімдер қабылдауға құқығы бар.

4. Комиссия өз жұмысын Комиссия төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссия мәжілісі тоқсанына - кем дегенде бір рет өткізіледі. Комиссия мүшелері оның мәжілістеріне алмасу құқынсыз қатысады.

Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

5. Комиссияның жұмыс органының функциясын Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссияның жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі секторы атқарып, оның қызметіне ұйымдық-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, жұмыс жоспарларының жобасын қалыптастырады; комиссияның мәжілістерін әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады, қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылайды.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі

мемлекеттік комиссиясының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі секторы туралы ережені Қазақстан Республикасының Төтенше

жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы бекітеді.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі сектордың меңгерушісі лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының орынбасары болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1265 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі Комиссияның адам

<*>

Ескерту. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің
22.12.1994 ж. N 1469 қаулысымен.

Құрамы

Макиевский М.Н. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы,
Комиссия төрағасы

Панов Ю.В. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрінің бірінші орынбасары, Комиссия
төрағасының орынбасары

<*>

Бекболатов Ш.Х. - "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік
компаниясының президенті, Комиссия төрағасының
орынбасары

Ковальчук А.В. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігінің Мемлекеттік автомобиль
инспекциясы Бас басқармасының бастығы, Комиссия
төрағасының орынбасары

<*>

Сәрсенов Н.С. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
жөніндегі мемлекеттік комиссиясының сарапшысы,
Комиссияның хатшысы

<*>

Комиссия мүшелері:

Адайбеков М.Е. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі
Бас басқармасының бастығы

Дүйсекеев А. - Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Базылов Қ. - Қазақстан Республикасы Байланыс министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Балин В.Ф. - Қазтұтынуодағы басқармасы төрағасының бірінші
орынбасары

Мұқашев Ж.Д. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Бижанов Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының
орынбасары

Жанабаев Т.М. - Қазақстан Республикасы Көлік құралдарын
жүргізушілер одағы орталық кеңесінің төрағасы

Иманғалиев Т.Т. - Қазақстан Республикасының ӘАФКЕО орталық
комитетінің төрағасы

Кавалерчик С.Б. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас
басқарма бастығының бірінші орынбасары

Есырев О.В. - Қазақстан Республикасының Білім министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Кравчук А.В. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
жөніндегі мемлекеттік комиссиясының Төтенше
жағдайдың алдын алу және іс-қимыл жасау

бөлімінің меңгерушісі

Молдажанов Р.К. - Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар
Федерациясы Кеңесі төрағасының орынбасары

<*>

Асқаров Ә.А. - Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрінің орынбасары

<*>

Мамаханов Ю.А. - Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппаратының Мемлекеттік
басқару органдары бөлімі меңгерушісінің
орынбасары

Молғаждаров А.А. - Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабы
бастығының міндетін атқарушы

Смағұлов Қ.М. - Қазақстан Республикасының Экономика министрінің
бірінші орынбасары

<*>

<*>

Сұнтаев Т.И. - Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппаратының Құқық қорғау
органдары бөлімінің референті

Полюхович Л.Г. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз
жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитеті
төрағасының орынбасары

<*>

Аткешов Ж.С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің орынбасары

<*>

Коробейников А.И. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Хакимов Ш.Р. - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Бас
штабының Әскери автоинспекциясының бастығы

<*>

Ескерту. Комиссия құрамына өзгертулер енгізілген - ҚРМК-нің
1995.04.05. N 396 қаулысымен.

Ескерту. Комиссия құрамына өзгертулер енгізілген - ҚРМК-нің
1995.05.19. N 714 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1265 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
шешімдерінің
Тізбесі

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Республиканың қалаларында, басқа елді мекендері мен автомобиль жолдарында қозғалыс қауіпсіздігін арттыру туралы" 1968 жылғы 27 ақпандағы N 114 қаулысының 3 тармағы (Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., N 4, 40-бап).

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы" 1979 жылғы 10 мамырдағы N 197 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., N 11, 28-бап).

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы" 1979 жылғы 4 мамырдағы N 192 қаулысы.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1980 жылғы 22 сәуірдегі N 167 қаулысы.

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1981 жылғы 12 наурыздағы N 104 қаулысы.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1984 жылғы 31 тамыздағы N 375 қаулысы.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі

жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1986 жылғы 14 сәуірдегі N 141 қаулысы.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1988 жылғы 5 қыркүйектегі N 436 қаулысы.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1990 жылғы 2 қаңтардағы N 1 қаулысы.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" 1990 жылғы 8 тамыздағы N 318 қаулысы.